



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Тамыз 2023

Жылдық инфляция алты ай қатарынан баяулап, тамызда 13,1% болды (шілдеде – 14,0%). Алайда, бағаның ай сайынғы өсу көрсеткіші орташа тарихи мәннен жоғары болып келеді. Осылайша, тамызда тұтыну бағасы 0,7%-ға өсіп (шілдеде 0,6%-ға), 2017-2021 жылғы осы кезеңдегі орташа өсім 0,2% болды.


Шілдемен салыстырғанда, тамыз айында азық-түлік тауарларының бағасы өзгерген жоқ. Бидай бағасының төмендеуіне байланысты ұнның арзандағаны байқалды. Күнбағыс дәніне экспорттық баж салығы салынғандықтан, күнбағыс майының арзандауына әсер етті. Кейбір жеміс-жидек пен көкөніс түрі өнім жинау маусымына байланысты арзандады. Шөп бағасының өсуіне, сондай-ақ электр энергиясының қымбаттауына байланысты ет өнімдерінің бағасы өсті.

Инфляцияның азық-түлікке жатпайтын компонентінде жеке тауарлардың, тұрмыстық заттардың, құрылыс материалдарының, автомобильдің қымбаттау қарқыны баяулағаны байқалады. Жаңа оқу жылы қарсаңында балалар киімі мен аяқ киімі қымбаттады. Жанар-жағармай бойынша бензиннің барлық түрінде баға өсті.

Ақылы қызметтер ішінде реттелетін коммуналдық қызмет тарифінің өскені байқалады. Бұған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының іске асуы әсер етті. Сонымен қатар, жаңа оқу жылы басталып, сұраныстың өсуіне байланысты тұрғын үйді жалға беру қызметі қымбаттады. Жанар-жағармай қымбаттағандықтан, көлік қызметінің бағасы да өсті.


2023 жылдың тамыз айында жылдық инфляция тағы да баяулады. Дегенмен, айлық инфляция кейінгі екі айда қарқын алып, тамызда 0,7% болды. Тұтыну бағалары индексінде ақылы қызмет бағасының едәуір өскені, азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын инфляцияның баяулағаны байқалады. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы тарифтерінің, сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөністің қымбаттауынан маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 1%-ға дейін жеделдеді (1-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияны бағалау медианасы тамызда 0,7% болды. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы сәуірден бері өзгерген жоқ (2-кесте). Аннуалданған базалық инфляция 9,1% болды. Базалық инфляцияны бағалау диапазоны 0,5%-0,8%-дан 0,4%-1%-ға кеңейді. Бұл үрдістер экономикадағы проинфляциялық қысымның сақталғанынан және инфляциялық процестердің тұрақсыздығынан хабар береді.



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Шілдемен салыстырғанда, тамызда **азық-түлік бағасы** өзгерген жоқ. Өткен жылғы жоғары базаның әсеріне, жемістер пен көкөністерді қоспағанда, басқа тауарлардың барлық тобында үлестің азаюынан бағаның жылдық өсімі 12,4%-ға дейін баяулады (3-кесте).




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының қымбаттауы бір айда 0,4%-ға дейін баяулады (шілдеде – 0,5%). Сонымен қатар, бидайдың арзандауы ұн бағасының төмендеуіне ықпал етті. Бұған өткен жылы өнімнің мол жиналуына байланысты болды. Сондай-ақ, жарманың кейбір түрінің (қарақұмық, арпа, жүгері) бір айдағы бағасы төмендеген. Ал күріштің бағасы өсті. Бұл биылғы қаңтар-маусымда ішкі өндірістің 15,7%-ға төмендеуіне, әлемдік бағаның өсуіне байланысты болды. Ет өнімдерінің қымбаттауы шөп бағасының өсуіне, сондай-ақ электр энергиясының қымбаттауына байланысты 0,5%-ға (шілдеде – 0,3%) дейін қарқын алды. Күнбағыс майының бағасы биылғы ақпаннан бастап арзандап келеді. Бұған күнбағыс дәніне экспорттық баж салығын енгізу әсер етті. Өнім жинау маусымына байланысты жеміс-жидек пен көкөністің кей түрі арзандаған. Ресейден келетін импорт пен ішкі өндірістің өсімі қант бағасының арзандауына ықпал етті.

Азық-түлік тауарларының кей түрінің ішкі бағасы әлемдік бағадан әлі де жоғары (4-кесте).

4-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы¹, теңгемен, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері

Тамызда дәнді дақылдардың әлемдік бағасы тағы да арзандады. Бұған кей дақылдардың мол жиналуы мен маусымдық дақылдарды жеткізу нәтижесінде ұсыныстың көбеюі әсер етті. Алайда, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамы әлсірегендіктен, теңгемен белгіленген әлемдік бағалар өсті. Сонымен қатар, бидайдың арзандау үрдісі ұнның ішкі бағасын төмендетті. Ұсыныс азайып, күріш бағасы айтарлықтай өскеніне байланысты нан-тоқаш өнімдері мен жарма қымбаттай бастады.

Негізгі экспорттаушылар тарапынан ұсыныстың жоғары болуынан және импортқа сұраныстың азаюынан өсімдік майының әлемдік бағасы арзандады. Күнбағыс дәніне экспорттық баж салығын енгізу нәтижесінде ішкі бағалар да төмендеп келеді.

Тамызда қанттың әлемдік және ішкі бағасында алшақтық қысқарды. Әлемдік бағаның өсуіне 2023-2024 жылғы әлемдік қант өндірісіндегі өнім өндіру көлемінің белгісіздігі әсер етті. Сонымен қатар, ұсыныстың көбеюінен ішкі бағалар төмендегені байқалды.


Ет өнімдерінің ішкі және әлемдік бағасы арасындағы дифференциалдың өсуі биылғы тамыз айында да жалғасты. Жетекші импорттаушы елдерден сұраныстың аз болуы, экспорттық ұсыныс көлемінің өсуі ет өнімдерінің әлемдік бағасын арзандатты. Ішкі баға өсіп келеді. Бұл – шөп пен электр энергиясының қымбаттауына байланысты.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция 2023 жылғы тамызда ж/ж 13,5% дейін баяулады (шілдеде – 15%). Бағаның бір айдағы өсімі 0,5%-ға дейін баяулады (шілдеде – 0,7%).

¹ 2019 жылғы желтоқсаннан бергі тиісті индекстердің өзгеруі (желтоқсан 2019 = 100), теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергенде

Тамызда жеке тауарлар мен тұрмыстық заттар, құрылыс материалдары, автомобиль бағасының өсу үрдісі баяулағаны байқалды (5-кесте). Сонымен қатар, жаңа оқу жылының басталуына байланысты балалар киімі мен аяқ киімінің бағасы өскен. Жанар-жағармай бойынша бөлшек саудадағы шекті бағаның өсуіне байланысты сәуір айынан бастап отынның кей түрі қымбаттап келеді.


5-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Тамызда ақылы қызметтердің бағасы 1,9%-ға өсіп, бағаның бір жылдағы өсімі 13,9%-ға дейін жеделдеді (6-кесте).

6-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Ақылы қызметтердің ішінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру аясында еліміздің кей өңірінде реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифі өскен. Тамыз айында реттелетін тұрғын үй коммуналдық қызмет тарифі 6,1%-ға өсті. Салқын су 13,1%-ға, ыстық су 7,8%-ға, су бұру 18%-ға, газбен қамту 5,5%-ға, электр энергиясы 6,7%-ға өсті (7-кесте).

Оқу жылының басталуына байланысты, сұраныстың өсуінен тұрғын үйді жалға беру қызметі қымбаттады. Жанар-жағармай бағасының өсуі автомобиль жолаушылар көлігі қызметінің бағасын аспандатты.

7-кесте. Коммуналдық қызметтерді тұтыну бағаларының индексі, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының жыл сайынғы төмендеуі өнеркәсіптік қызметтер құнының тез өсуіне және аралық тауарлар бағасының төмендеуіне байланысты баяулады.


Бидай мен күнбағыстың арзандауына байланысты ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің белгілеген бағалары төмендеді.

2023 жылдың тамыз айында өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер белгілеген баға жылдық мәнде 0,9%-ға төмендеді. Бағадағы төмендеу қарқынның баяулауы өнеркәсіп сипатындағы қызметтер бағасының қарқынды түрде өсуіне және аралық тауарлар бағасының баяу қалыптағы төмендеуіне байланысты болды (8-кесте).


2023 жылғы тамызда азық-түлік өндірушілер белгілеген баға тағы төмендеді (ж/ж 2,8%). Осылайша, май мен ұн-жарма өнімдері, қант бағасының арзандау қарқыны жеделдеді. Бұл ретте ет, сүт, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілердің белгілеген бағасы баяу қарқынмен өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде фармацевтикалық өнімдерді, киім, жиһаз, автомобиль, бояу мен лак, жуу және тазарту құралдарын өндіретін кәсіпорындар белгілеген баға өсуін баяулатты.

2023 жылғы тамызда ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің белгілеген бағасы жылдық мәнде 5,6%-ға төмендеді (9-кесте). Өсімдік шаруашылығында 2022 жылғы қыркүйектен бастап бидайдың арзандағаны байқалады. Мол қордың жиналуы және экспортқа баж салығын енгізу күнбағыс тұқымын өндірушілердің белгілеген бағасына дефляциялық қысым көрсетуді жалғастыруда. Бұрыш, қызанақ және қияр өндірушілердің белгілеген бағасы арзандады. Жем-шөп дақылдарының ішінде шөп бағасы қымбаттап келеді. Мал шаруашылығында мал бағасы өсті, сонымен қатар, үй құсы мен сиыр сүті арзандады.

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ